

АКТУАЛЬНЫЕ НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

ВЫПУСК 6(77)

Часть 5

Переяслав 2021

Акшабаева Ләйлә Машаққызы
Педагогика ғылымдарының магистрі,
Акатаева Шұға Бериковна
ф.ғ.к., доцент
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
(Қарағанды, Қазақстан)

Ғ. МҮСІРЕПОВТІҢ ӘДЕБИ СЫН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Аннотация. Мақалада Ғабит Мүсіреповтың әдебиеттану ғылымында маңызы зор ғылыми мұрасы, әдебиеті шығармашылығына қатысты сын мақалалар мен зерттеу еңбектері талданады.

Кілт сөздер: Ғабит Мүсірепов, проза, әдеби сын, сыншылдық-эстетикалық.

Сөз зергері Ғ. Мүсіреповтің қазақ әдебиеті және әдеби сынындағы шығармашылық ізденіс жолы, алғашқы қадамдары еліміз тарихындағы ауыр да қасіретке толы 1930 жылдардың күрделі кезеңімен тұспа-тұс келеді. Қазан төңкерісінен кейінгі қоғамдық өзгеріс, шиеленісті саяси-әлеуметтік оқиғалар барысында жүзеге асырылған асыра сілтеушілік зардабынан қазақ халқының тең жартысы алапат аштық құрбаны болып, Алаш арыстары бастаған озық ойлы азаматтары қатал жүйенің репрессиясына ұшырады. 1920-30 жылдардағы қазақ әдебиеттануында айрықша із қалдырған алашшыл әдебиет өкілдерінің сыншылдық, әдеби-теориялық, ғылыми-зерттеушілік терең тұжырымдары мен құнарлы ой-пікірлері 1930-50 жылдардағы идеологиялық қыспақ салдарынан табиғи даму арнасы үнемі тежеліп отырды [1]. Қазіргі қазақ әдебиеті

сынының тарихына, оның жүріп өткен жолына көркемдік сапа деңгейі тұрғысынан қарағанда бірнеше айтулы кезеңдерді атап өтуге болар еді. XX ғасырдың 20-30 жылдарында алаш арыстары негізін қалаған, осылардың арқасында жаңаша, ұлттық танымдық-көркемдік биігіне көтерілген әдеби-көркем сынымыз, ең бастысы осы арқылы сол кезеңдегі туған әдебиетіміздің тарихын, теориясын, көркемдік ізденістерін бір жүйеге түсіруге деген талпыныс, барлығы да зая кеткен жоқ. Сол жылдардағы А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ғ. Тоғжанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев бастаған және осы ізденістер арнасын ары қарай сәтті жалғастырып кете алған кейінгі толқын әдебиет зерттеушілері мен сыншылары да ұлтымызға теңдессіз мол мұра қалдырды. Қазір қолымызда қалған осынау баға жетпес құнды мұра бүгінгі әдебиетін іздейтін, әдебиетін сүйетін жас ұрпаққа да таптырмас рухани азық екендігін айтып жату артық. Демек, қазіргі қазақ көркем сыны тақыр жерден басталған жоқ, құнарлы мектептен, телегей теңіз әдебиетіміздің өз қайнарынан қуат алды.

Қазақтың ұлттық әдеби сыны мен әдебиеттану ғылымындағы осынау күрделі жылдарда қалыптасқан, өркен жайған құнарлы дәстүр 1960-80 жылдар, керек болса бүгінгі тәуелсіз әдебиетіміз бен өнеріміз үшін де баға жетпес биік тұғыр, эстетикалық құндылық болып отыр. Осы жылдар аралығында осынау құнарға табан тіреген, содан нәр алған бірнеше буын қазақ сыншылары да өсіп жетілді, әдебиет айдынына шықты. 1970 жылдардың ішінде жазған дүниелерімен оқырманын елең еткізіп осы көшке келіп қосылған З. Серікқалиев, Т. Тоқбергенов, А. Сүлейменов, Ж. Әбдірәшев, С. Әшімбаев т.б. сын еңбектері әдебиетке соны леп алып келді. Міне, қазақ әдеби сынының 1930-1980 жылдар бедеріндегі сыншылдық-эстетикалық танымның биік деңгейін тануда Ғабит Мүсірепов мұрасының да алатын орыны ерекше.

Қазақ әдебиеттану ғылымын тудырған алғашқы толқынның өрісті арнадағы зерттеушілік бағытын жаңа әдіснама талап-тілегі тұрғысында желісін үзбей өнерпаздық арнамен дамыту – Е. Ысмайылов, М. Қаратаев, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Т. Нұртазин, Ә. Қоңыратбаев, Б. Шалабаев, Ә. Марғұлан, Ғ. Мүсірепов өзге де дарындарға дәуір талабы жүктеген ауыр да қастерлі міндет болды. Шындап келгенде зобалаң жылдары сталиндік-голощекиндік әпербақандық саясаты қасіретінен қазақ әдебиеттану ғылымының интеллектуалдық, ғылыми-зерттеушілік потенциялы ойсыраған тұста әдебиеттану ғылымы талантты, білімді мамандарға мұқтаж әрі аса зәру еді. Мұны Ә. Тәжібаев: «Белгілі бір кезеңде қазақ совет әдебиетінің тарихын, оның өткен жолын сөз ету қиындығы былай тұрсын, жазушыларымыз бен сыншыларымыз сан жағынан құлдырап азайып қалды, қиын кездің ең ауыр салмағы бірлі-жарлы аман қалған Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев сияқты жас мамандарға түсті. Осы әрі жас, әрі шағын топ әдебиеттің ғылым туын беріп ұстап, ендігі өсер жастардың көшін бастады», [2, 6] – деп атап көрсеткен болатын. Сонымен қатар әдебиетшілер мен сыншылардың ғылыми әлеуеті барыншақұлдыраған тұста дарынды ақын-жазушылардың әдеби сынға араласуы, көркем әдебиет туралы сыншылдық-эстетикалық ой-пікір айтуы заңды әрі сол кезеңнің алға тартқан міндеттерінің бірі болатын.

Ғ. Мүсіреповтің сыншылдық тұлғасымен алғаш көрінген 1920 жылдардың бас кезіндегі әдеби сында, әсіресе ҚазАПП тұсында тұрпайы социологиялық сынның өріс алғаны белгілі. Ол сынның ғылыми сипатына нұсқан келтіріп, көркем әдебиеттің де әсіре

тапшылдыққа ұрынуына әкеп соқтырды. Сөз өнеріне қойылар көркемдік-эстетикалық талап-талғамның құлдырауынан қазақ әдебиеті сан жағынан өскенімен, сапа жағынан үлкен олқылыққа ұшырағандығын байқатты. Әдеби үрідістегі мұндай келеңсіздікке ақындық жаны төзбеген М. Жұмабайұлы: «... фотография ақындық емес, ақынның міндеті білім беру емес, терең сезім, асқақ пікір айту» - деп өлең өрісінің шынайы даму бағытын, эстетикалық мұратын айқындаса, А. Байтұрсынұлы: «Адамды өз әлеміне баурай тартып, еліктіріп әктер күші жоқ шығарма әдебиет емес, идеология ғана деп ойлаймын» деген өзекті пікірімен көркемдік деңгейі төмен, ұраншыл, әсіре тапшыл әдебиеттің бедерін безбендеп берген болатын.

ҚазАПП О.Исаевтің «Ескі мәдениеттік мұра туралы» (1931) хаттарына жауап бергенге дейін әдеби, классикалық мұраны зерттеуде тапшылдық көзқарас, нигилистік сипат басым болды. Классикалық мұраның тарихи мәнін түсінбеген ҚазАПП платформасын жақтаушылар «ұлтшылдыққа», «алашордашылдыққа» қарсы күресті желеу ете отырып, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын жоққа шығаруға дейін барды. Сонымен қатар классикалық мұраны терістеу – алаш зиялыларына қарсы идеологиялық күреспен ұштасып та жатты. Мысалы, Алаш қозғалысының оның басты тұлғаларын қазақ халқына саяси өктемдікпен қарсы қою саясаты тұсында Абай мұрасы «байшыл», «феодал» табының өкілі тұрғысында қарастырылды [3, 288].

Көркем сын - өнер атаулының ішіндегі ең күрделі де қиыны. Қарақылды қак жарған әділ сын ғана сөз өнерін шеберлік шыңына шығарып, ақын-жазушының шығармашылық өсуіне өрісті ықпал етпек. Бұған қатысты Ғабит Мүсірепов: «Сыншы деген өзінің оқушылық халінен аса алмай қойса, сын айттым деген өзінің оқушылық қана жайы болса, онда ол да оқушы ғана болып қалады. Ондай «сыншының» тегінде сынға жоламағаны жақсы. Өйткені шын сыншы жазушыға да, оқушыға да жөн сілтей алатын болсын, соған өзін міндеттімін, жауаптымын деп санасын», - деп жазады. Сондықтан да жазушы «Өсер әдебиетке өсірер сын керек» деген эстетикалық талап тұрғысынан келді.

Ғ. Мүсіреповтің алғаш баспасөз бетін көрген мақаласы «Еңбекші қазақ» (24. III. 1924) газетінде басылған «Қисық сынға әділ төре» деп аталады. Бұл кез кеңес өкіметінің нығаюымен бірге әдебиет майданында да таптық күрестің күшейіп келе жатқан тұсы болатын. «Байшыл-ұлтшыл» атанған алашшыл ақын-жазушыларды әдебиет майданынан ығыстырып шығару науқаны С. Мұқановтың «Еңбекші қазақ» газетінде 1923 жылы жарық көрген «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер» атты аты шулы мақаласымен қызу басталған-тұғын. «Кеңесшіл бағыттағы әдебиеттің басы-қасында Сәкен, Сәбиттер жүрді де қазақ әдебиетінің болашақ дамуы қандай болуы керек деген пікірталаста пролетарлық мәдениет жолын насихаттады. Енді осы топқа өздігінен ізденіп алған біршама әдеби дайындығы бар, өлең жазып, аударма жазып жүрген Ғ. Мүсірепов те келіп қосылды» [3, 24]. Қазақ әдебиетінің түрлі салаларында болып жатқан елеулі өзгеістергеназар аударып, оларға идеялық, көркемдік тұрғыдан жан-жақты талдаулар жасады [4, 24-25].

«Қисық сынға әділ төре» Темірбайдың «Ақ жол» газетінде (1924. №432) жарияланған «Қазақ әдебиетінің тарихынан» атты мақаласындағы жалпы көркем әдебиет, қазақ әдебиетінің тарихы туралы Сәкен Сейфуллиннің пікіріне дау айтқан пікіріне қарсы жазылған еді. Сөйтіп өзінің көптеген замандастары сияқты Ғабит

Мүсірепов те әдебиетке таптық принципке негізделген пролетарлық бағыттың легінде келді. Алғашқы мақаласымен-ақ ол әдеби үдерістің қалың ортасына бірден қойып кетіп, өзіндік пікірі, беті бар екенін, өз бағытының дұрыстығын дәлелдеп, қорғай алатын принципшіл қаламгер екенін танытты [5, 150].

Сол кездегі қазақ қаламгерлерінің ресми шығармашылық ұйымы ҚазАПП (Қазақстан пролетариат жазушыларының ассоциациясы) болды да ол өз жұмысында пролеткультшылдық бағыт жүргізіп, әдеби шығармашылықты да партияның идеологиялық маңызды бір майданына айналдырды. Әдебиетке қатысы жоқ, партия қызметкері М.Қайыпназаров ұйым жұмысын әкімгершілікпен басқарып, компартияның таптық принцип саясатын әдебиеттен күшпен жүзеге асыра бастады. «Мұстафаның өзі оқымай жазушының өзінен сұрап алып бағалайтыны бар... Бұл рас. Мәжит секілді менен де сұрап еді, сол айтқанымды Мұстафа баяндамасына сол күйімен қоса салыпты», [6, 23] - деп Ғ. Мүсірепов кейіннен бір әдеби жиында айтқанындай, М.Қайыпназаровтың әдебиетті сынау, бағалау істерінде тіпті өрескел жағдайлар орын алды. Соның салдарынан ҚазАПП ұйымы қазақ қаламгерлерінің басын құрап, шығармашылық жұмыстарға ұйымдастырып отырудың орнына, оларды идеялық тұрғыдан топқа жіктеп, бөлшектеп, берекесін қашырды. «Ұлтшыл-байшылдар», «жолбикелер», солшылдар деген сияқтылар сол кездегі ҚазАПП қызметін, жазушылардың жазғандарын сынағанда міндетті түрде қолданатын анықтауыштары болатын. Сөйтіп ҚазАПП қаламгерлерге шығармашылық жағынан көмек көрсетудің орнына ананы жаз, мынаны жазба деп, өктемдікке ұрынып, олардың жұмасына кедергі келтірді. Ұйым жұмысындағы осындай кемшіліктер қаламгердерді бей-жай қалдыра алмады. Солардың бірі ретінде Ғ. Мүсірепов те ҚазАПП қызметіндегі олқылықтар жайлы бірнеше мақала жазды.

ҚазАПП-тың жұмыс істеу тәсілінің дұрыс еместігін, жалпы әдебиет қозғалысына оң басшылық жасай алмауы, соның салдарынан өмір талабына сай келетін шығармашылық жағдайдың шырқы бұзылып, әдеби сынның өрістемеуі үлкен кемшілік ретінде аталды.. «Ат үсті қысқаша шолсақ:ең алдымен бізде ұйымдасқан көрнекті ұйым болып іс істеген ҚазАПП болған жоқ. 25-ші жылы да ҚазАПП үйірме халында болса, 31-ші жылы да үйірме

халынан асқан жоқ... ҚазАПП негізінде Қазақстанның он-он бес қалам ұстағандарының ұйымы болды... Басшы мүшелерінің біразы әдебиет майданындағы күреске көпке дейін жік салдарын қатыстырып келді. Оқу үйренуді күнбе-күнгі жұмысына, шығармасына даңғыл жол етіп ала алмай келді», [6, 58] – деп, көп мәселенің басын ашып айтты. Сыншылдық-эстетикалық биік талап тұрғысынан келіп, сол кез әдебиеттің төрт түрлі басты кемшілігін: «Үлкен тақырыпқа көшіп, қазіргі дәуірімізге лайықты ірі еңбектер» жоқ;

«шығармашылығымыздың көпшілігі жалпы жазылған»; «өндірісті, колхозды алғанда, жазушыларымыз соның адамын алмайды, машинесін алады»; «бірдеме жазса, жұрттың бәрін жаншып өтетін құрғақ, жансыз үгітті айтатын бір «жалпы шығармалар бар» деп атап көрсетті.

Баяндамашы «Көркем әдебиет болғасын азды-көпті көркемдік, оқырлық, оқыған адамға бірдеме берерлік бір қасиет болу керек» [6, 89] - дей келіп, қазақ кеңес әдебиетінің көш бастаушылары болып келе жатқан Сәкен мен Сәбиттің шығармалары жайлы да бірсыпыра сындар айтады. Мысалы, сол кезде нағыз төңкерісшілдік сипатта жазылған,

социалистік қазақ әдебиетінің алғашқы ірі табыстарының бірі саналып жүрген С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» жайлы: «Бұл осы күнге дейін маңызын жоғалтпаған, келешекте де үлкен орны бар еңбек» - дей келіп, «Рас, бұл басынан аяғына дейін сұрыпталып шыққан, біткен де мәселе емес...Әрине, бұл еңбектің мазмұнында да, көркемдігінде де сынайтын мәселелер бар» - дегенді де аңғарта кетеді. «Өсудің, кемшілікті түзетудің ең керекті тезі - сын» - деп білген суреткер осы жиында: «Жазушыға жәрдем беретін сын қазақ әдебиетінде болған жоқ. Жазушыларымыздың өсуін, әдебиетіміздің сонымен қатар сапасын күшейтуге ат салысқан шын әдеби сынды біз әлі көргеніміз жоқ. Егер жазушымыз деп көп адамның атын атай білсек, сыншы деп бір адамның атын да атай алмаймыз», [3, 92] - деп қынжылды. Сол кездегі әдеби үдерісте белсенділік танытып жүрген Ғаббас Тоғжановтың әдеби сындарына көңілі толмайтындығын білдіреді.

«Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихи белестерінен үш кезенді анық байқаймыз. Бірінші кезең - қазақ совет сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең -қазақ әдебиет сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917-1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең - қазақ әдебиет сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі 1938-1985 жылдар аралығы» [3, 5] деп жазады қазақ әдебиеті сынының тарихын зерттеуші Т.Кәкішұлы.

Сөз зергері өзінің туындылары, сын мақалаларымен ұлт әдебиетіне адал қызмет етудің өшпес өнегелі ұлағатын мәңгілікке қалдырды. Әдебиетші Шериаздан Елеукеновтің пікірімен айтқанда, «Сынауға да, шындықты айтуға да өз кісісі керек. Майысқақ ездік ақиқат айтып жарыта алмайды. Ол үшін ерлік керек. «Бейімбет жау болса, мен де жау!» деп әділет атынан атой салатын Ғабен жүрегіндей жүрек керек». Иә, классик жазушы Ғабит Мүсірепов мұрасы сан қырлы. Оның проза, драматургия салаларындағы туындыларымен қатар әдеби сындағы сыншылдық-эстетикалық пайымдары, әдеби талдаулары мен әдеби бағалаулары хас сыншы дарынын, кәсіби сын табиғатын танытады. Бүгінгі жазушылар және сыншылардың хас суреткер әрі кәсіби сыншыдан үйренері де мол болып қала бермек.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1997. – 340 б.
2. Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1968. – 276 б.
3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994.
4. Ысқақұлы Д. Сырбаз суреткер. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2002. – 140 б.
5. Ысқақұлы Д. Сын сонар. – Алматы: Рауан, 1993. – 349 б.

6. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. Әдеби-сын еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1970. – 246 б.